

**«БІЛІМ - ОБРАЗОВАНИЕ»
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ереже

1.1 «Білім – Образование» ғылыми-педагогикалық журналы 1999 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің есебіне тіркелген (куәлік № 904 –Ж 31 қазан) және 2008 жылы қайта тіркелді (қайта тіркеу туралы куәлік № 9838-Ж 30 желтоқсан).

1.2 Журналдың құрылтайшысы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы».

1.3 Басылымның шығарылуы – жылына 4 рет.

1.4 Журнал ISSN сериялық басылымдарын тіркеудің халықаралық орталығында тіркелген (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция): ISSN 1607-2790.

II. Журналдың мақсаты мен құрылымы

2.1 Журналдың мақсаты - Қазақстан және шетел елдері ғалымдарының білім саласындағы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін ашық түрде жариялау.

2.2 Негізгі тақырыптың бағыттары: білім беру және тәрбие, инклюзивті білім беру мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-танымдық материалдарды шығару.

2.3 Журналдың рубрикалары: «Білім саясаты», «Білім берудегі зерттеулер», «Тәрбиенің теориясы мен практикасы», «Инклюзивті білім беру: теория және практика», «Ғылыми-әдістемелік және ғылыми-педагогикалық ізденіс», «Білім және құқықтық мәдениет», «Конференциялар, форумдар, семинарлар», «Personalia».

2.4 Ғылыми мерзімді басылымда тиісті бейінге сәйкес журналда жариялау үшін мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

2.5 Ұсынылған мақалалар «Антиплагиат» жүйесінен өткізіледі және мәтіннің 85 пайызы түпнұсқалық болуы тиіс.

2.6 Журналдың мәртебесін көтеру мақсатында «Білім» журналында жарияланған авторлардың мақалаларына отандық және шетелдік ғалымдар, сарапшылар сілтеме жасауы керек.

2.6 Редакция кеңесінің шешімі негізінде журналға мақаланы жариялау мүмкіндігі туралы қорытынды жасалады.

III. Мақалаларды рәсімдеу тәртібі

3.1 Компьютерде (Microsoft Word редакторы) терілген мақаланың көлемі аңдатпа, кесте, суреттерді, математикалық формулаларды және әдебиеттер тізімін қосқанда 10 беттен аспауы тиіс, ең кемі 5 бет.

3.2 Ғылыми мақалалар базалық баспа стандарттары «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар.

Жарияланатын материалдарды баспалық рәсімдеу», ГОСТ 7.5-98 сәйкес бойынша мақалалардың, «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипат. Құрастырудың жалпы талаптары және қағидасы» ГОСТ 7.1-84 бойынша мақалалардағы библиографиялық тізімдердің рәсімдеу жөніндегі базалық баспа стандарттарына сәйкес рәсімделуі тиіс.

3.3. Басып шығарылған мазмұнымен толық сәйкес мақаланың электрондық нұсқасы баспа орталығына ұсынылады. Мақала беттері нөмірленуі керек.

3.4. Мақала мәтіні «Microsoft Office Word (97, 2000, 2007, 2010) WINDOWS», редакторда басылуы керек, негізгі шрифт – Times New Roman (орыс және ағылшын тілдерінде), KZ Times New Roman (қазақ тілінде), жоларалық интервал – 1; мәтінді ені бойынша түзету; сол жағы – 30 мм, оң жағы – 15 мм, жоғарғы – 20 мм, төменгі – 20 мм, табуляция – 1,25 мм.

3.5 Барлық авторлардың мақалаларында ғалымдардың екі пікірі (1 сыртқы және 1 ішкі) болу керек: ғылым докторлары, ғылым кандидаты / PhD.

3.6 Ұсынылған материалдарды қамтуы тиіс:

- FTAMP (Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы);
- автор (-лар) аты және тегі – қазақ, орыс және ағылшын тілінде (бас әріптермен, қою шрифтпен, азат жол 1 см, сол жақ шетіне);
- ғылыми дәрежесін, ғылыми атағын көрсету;
- аффилиация (факультеті немесе басқада құрылымдық бөлімшесі, ұйым (жұмыс орны (оқу), қала, пошталық индекс, мемлекет) – қазақ, орыс және ағылшын тілінде;
- e-mail;
- мақаланың аты (12 сөзден аспайтын, бас әріптермен, қою шрифтпен, азат жол 1 см, сол жақ шетіне, үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын);
- аңдатпа - мақаланың мақсатын, мазмұнын, түрін, нысанын және басқа да ерекшеліктерін қысқаша сипаттау;
- түйін сөздер - ғылыми саланы және зерттеу әдістерін мәтіннің мазмұнын, нысанды терминде көрсететін сөздер жиынтығы.

3.7 Аңдатпа ақпараттық және құрылымдық болуы керек, негізгі объектілерді, зерттеу кезеңдерін, қорытындыларды көрсетеді.

Ұсынатын аңдатпаның көлемі - кемінде 100 сөз (курсив, қою емес шрифт 12 кегль, азат жол сол және оң жақ шегініс -1 см).

3.8 Түйін сөздер жарияланған материалдың тілінде рәсімделеді (кегль – 12 пункт, курсив, сол және оң жақ шегініс – 3 см.). Ұсынылатын түйін сөздер саны– 5-8, ішіндегі түйін сөз саны – 3-тен көп емес. Маңыздылығына қарай беріледі, яғни мақаланың ең маңызды түйін сөзі бірінші тізімде болуы керек.

3.9 Мақала мәтіні оның бөліктерінің белгілі бір жүйесінде беріледі және мыналарды қамтиды:

- КІРІСПЕ / ВВЕДЕНИЕ / INTRODUCTION (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Кіріспеде ғалымдардың алдыңғы (байланысты) жұмыстарының нәтижелері, зерттеу әдістері, рәсімдері, өлшеу параметрлері және т. б. көрсетіледі (1 беттен артық емес);

- ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ / ЦЕЛЬ И ЗАДАЧИ ИССЛЕДОВАНИЯ / PURPOSE AND OBJECTIVES OF THE STUDY (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

- ӘДІСНАМА / МЕТОДОЛОГИЯ / METHODOLOGY (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

- НӘТИЖЕЛЕРІ / РЕЗУЛЬТАТЫ / RESULTS (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Бұл – зерттеу үрдісінің немесе ойлау жүйелілігінің көрінісі, нәтижесінде теориялық қорытындыға әкелетін.

Ғылыми-практикалық мақалада эксперименттердің немесе тәжірибенің кезеңдері мен сатысы, аралық нәтижелер және математикалық, физикалық түрінде немесе статистикалық түсіндірменің жалпы қорытындысының негіздемесі келтіріледі.

Өткізілген зерттеулер көрнекі түрде экспериментальды ғана емес, сонымен бірге теориялық түрде де ұсынылады.

Бұл кестелер, диаграммалар, графикалық үлгілер, графиктер, диаграммалар және т.б. болуы мүмкін.

Формулалар, теңдеулер, суреттер, фотография мен кестелерде астына жазылған жазу немесе тақырыптар болуы керек (10 беттен аспауы керек).

ҚОРЫТЫНДЫ /ЗАКЛЮЧЕНИЕ / CONCLUSION (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Жүргізілген зерттеулердің негізгі жетістіктері туралы тезистер жиналады.

Оларды жазбаша түрде және кестелер, графиктер, сандар және анықталған негізгі үлгілерді сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер түрінде ұсынуға болады.

Қорытынды авторлар тарапынан интерпретациясыз ұсынылуы керек (1 беттен артық емес).

- ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ /СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ / REFERENCES (қою емес, бас әріптермен, шрифт-14 кегль, ортада).

Деректердің тәртібі келесідей анықталады: алдымен сілтемелер тізбесі мақалада сілтеме жасалған деректер т.б.

Одан кейін қосымша деректер, яғни мақалада сілтеме жасалмаған деректер, мақалада орын алмаған, бірақ оқырмандарға параллель өткізілген аралас жүргізілетін жұмыс.

Барлық сілтемелер бастапқы тілде беріледі. Мақалада келтірілген сілтемелер мен ескертулер нөмірленіп, тік жақшаларда беріледі.

Ұсынылатын көлемі – 20 атаудан аспау керек.

Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес рәсімделуі қажет.

3.10 Иллюстрациялардағы суреттер тізімі мен мәтіндегі суреттерге сілтеме болуы тиіс.

Электрондық нұсқадағы суреттер мен иллюстрациялар TIF немесе JPG форматта ұсынылады 300 dpi аспауы керек.

3.11 Математикалық формулалар Microsoft Equation Editor редакторында жазылуы тиіс (әрбір формула бір объект).

3.12 Автор туралы мәліметтер бөлек бетте (қағазды және электронды нұсқада) жазылады:

- толық Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы, жұмыс орны (журналдың «Біздің авторлар» бөлімінде жариялау үшін);

- толық пошталық мекенжайы, қызметтік және үй телефондарының нөмірлері, E-mail (редакцияның авторларымен байланысуы үшін, электронды мекенжай журналға жарияланбайды);

- мақала атауы және автор(лар)дың аты-жөн(дер)і, аңдатпа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылуы тиіс .

3.13 Қолжазбаларды авторлар мұқият тексеріп, редакциялауы қажет.

Талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар журнал бетіне жарияланбайды.

3.14 Редакция мақалаға орфографиялық және стилистикалық түзетулер жүргізбейді. Қолжазба авторларға қайтарылмайды.

3.15 Мақала қолжазбасын және электронды нұсқасын келесі мекенжай бойынша жолдауларыңызға болады:

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел к-сі, 8, «Алтын орда» БО, 15-қабат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

3.16 Байланыс: Тел. (8 7172) 72 5882

E-mail: bilim-edu.2003@mail.ru

жазылу индексі – 75754.

Реквизиттер:

РНН 600900611860,

ИИК KZ826010111000202462,

БИН 080940006848, КБЕ 16,

БИК HSBKKZKX, КНП 859,

АО «Народный Банк Казахстана»

IV. Редакциялық кеңес

4.1 Журналдың редакциялық алқасына журналдың бас редакторы, редакция алқасының мүшелері, жауапты редактор, техникалық редактор, корректор кіреді.

4.2 Журналдың бас редакторы - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының Вице-президенті.

4.3 Журналдың бас редакторы:

- редакция алқасының құрамын бекітеді;
- редакцияға жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- журналды тарататын ұйымдармен келісімдер жасайды, редакциялық кеңестің қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.
- редакциялық кеңестің қызметіне отандық және шетелдік ғалымдарды тартады;
- журналдың мазмұны және редакциялық кеңестің қызметі туралы ұсыныстар жасайды.

4.4 Редакциялық алқа құрамы төмендегідей:

- ғылыми дәрежесі бар отандық және шетелдік ғалымдар;
- нөлдік емес импакт-фактор журналдарында ғылыми мақалалары бар отандық және шетелдік ғалымдар мен сарапшылар;
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғалымдары.

4.5 Редакциялық кеңес мүшелері:

- редакция кеңесінің перспективалық жоспарларын әзірлеуге қатысады;
- ұсынылған материалдарды талқылауға қатысады, материалдардан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4.6 Жауапты редакторға Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының ғылыми дәрежесі бар қызметкері тағайындалады.

4.7 Жауапты редактор:

- баспа саясатын іске асырады;
- берілген материалдарды қабылдайды және өңдеуді бақылайды;
- авторлармен байланысады;
- ұсынылған материалдарды қосымша қарау қажеттілігі туралы шешім қабылдайды;
- журналдың номерін шығару мерзімдерін анықтайды.

4.7 Корректор:

- мазмұн жағынан мақалалардың сапалығын тексереді;
- жауапты редакторға мақалалардың соңғы нұсқасын ұсынады.

4.8 Техникалық редактор Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының қажетті техникалық дайындығы бар маманы тағайындалады.

4.9 Техникалық редактор:

- ұсынылған материалдарды өңдейді;
- журналдың номерінің дизайнын жобалайды;
- журнал шығаруды қамтамасыз етеді;
- журналдарды таратушыларға жеткізеді

V. Рецензиялау тәртібі

5.1 Журналдың редакциялық алқасының мүшелері мақалалардың тиісті айдарларға сәйкестігін қарап бағалайды.

5.2 Бір пікір сыртқы, сондықтан автор мақаламен бірге оны ұсынады.

5.3 Қолжазбаның мазмұнына қатысты білім саласында жұмыс істейтін ғалымдардан редакция кеңесі пікір алууды қарастырады.

5.4 Ізденушілердің ғылыми жетекшілері, сондай-ақ, автор жұмыс істейтін бөлімшенің қызметкерлері пікір бере алмайды.

5.5 Рецензияда төмендегілер ескеріліп жазылады:

- берілген мақаланың өзектілігі;
- ұсынылған ғылыми материалдардың жаңалығы;
- зерттеу материалдарының жеткіліктілігі;
- пайдаланылған дереккөздер тізімі;
- жазу стилі;
- мақалаларға қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- жариялауға қатысты қорытынды немесе түзетулер енгізу қажеттілігі туралы;

5.5 Егер мақаланы қайта өңдеу қажет болса, пікір беруші түзетулердің себептерін нақтылап жазады.

5.6 Пікір беруші тегін, атын және әкесінің атын, ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағын, жұмыс орнын, лауазымын және қол қойылған күнін толық жазып қол қояды.

5.7 Жауапты редактор берілген пікірлерді авторға жеткізеді. Бұл жағдайда пікір беруші туралы мәліметтер көрсетілмейді.

5.8 Тексеруден кейін мақала қайта пікір алуға жіберіледі. Пікір редакциялық кеңесте қаралады.

5.8 Автор пікір берушінің пікірін қабылдамаған жағдайда, мақаланы қайтарып алуға құқы бар.

5.9 Мақалаларды қарау мерзімі - 2 ай.

5.10 Қолжазбалар қайтарылмайды.

VI. Редакциялық және авторлық этика

6.1 Редакциялық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

6.2 Редакциялық кеңес қолжазбаны жариялауға жарамсыз деп шешім қабылдаған үшін жауап береді. Осыған сәйкес шешімді қабылдау мақала мазмұнының өзектілігі мен маңыздылығы бойынша ғылыми бағалауға негізделеді.

6.3 Қабылданбаған қолжазбалар туралы ақпарат құпия болып қалады және жарияланбайды.

6.4 Басылымға жариялау үшін материалдарды беру арқылы автор өзі туралы барлық ақпараттың дұрыстығына, стилі мен сауаттылығына, плагиаттың жоқтығына, редакциялық кеңестің қойған барлық техникалық талаптарына сәйкестігіне кепілдік береді.

6.5 Ұсынған қолжазбалар басқа ғылыми журналдарда жарияланбаған болу керек.

К. Е. АМАНОВА

п.ғ.к., доцент,

Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,

Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: akasheva@gmail.com

ПРОГРАММАЛАУДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада STEM білім берудегі жиі талқыланып жүрген тақырыптардың бірі – жалпы білім беретін мектептерде программалауды оқыту мәселесі қарастырылады. Великобритания, Финляндия, Южная Корея, Эстония, Франция, Австралия сияқты мемлекеттердегі тәжірибелерді қарастыра отырып программалауды мектепте оқытудың қажеттілігін айқындайтын шарттар көрсетіледі. Программалауды мектепте оқытудың ағымдағы жай-күйін зерттеу мақсатында, мақала авторы, жоғары сынып оқушыларының және де білім беру процесіндегі басқа да субъектілердің: ата-аналардың, мұғалімдер мен ІТ саласындағы мамандардың қатысуымен зерттеулер жүргізді. Зерттеуге ІТ саласындағы мамандардың қатыстырылуы программалауды оқытуда түрліше аппараттық-программалық жабдықтардың пайдаланылатындығымен түсіндіріледі. Мақалада аталған зерттеудің кейбір қорытындылары, атап айтқанда оқушылардың, ата-аналардың, мұғалімдер мен ІТ саласындағы мамандардың программалауды мектепте оқыту мәселесіне деген көзқарастарын зерттеу нәтижелері берілді.

Түйін сөздер: Программалау, программалауды оқыту, мектепте программалауды үйрету.

КІРІСПЕ

Мәтін

ЗЕРТТЕУДІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мәтін

ӘДІСНАМА

Мәтін

НӘТИЖЕЛЕРІ

Мәтін

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәтін

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

1

2

3

К.Е. АМАНОВА

К вопросу обучения программирования в школе

к.п.н., доцент,

Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова,

г. Кокшетау, Республика Казахстан

e-mail: amanova@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі STEM білім берудің өзекті тақырыптарының бірі - жалпы білім беретін мектепте бағдарламалауды оқыту мәселесі қарастырылады. Ұлыбритания, Финляндия, Оңтүстік Корея, Эстония, Франция, Австралия сияқты елдердің мысалында балаларға мектепте бағдарламалаудың негіздерін үйрету қажеттілігін бастайтын алғышарттар қарастырылады. Мектептерде бағдарламалауды оқытудың қазіргі жағдайын зерттеу үшін автор жоғары сынып оқушылары мен мектептегі оқу процесінің басқа пәндерінің қатысуымен зерттеу жүргізді: ата -аналар, мұғалімдер, сонымен қатар IT мамандары, себебі әр түрлі аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары бағдарламалауды үйретуде қолданылады. Мақалада осы зерттеудің кейбір нәтижелері, атап айтқанда, мектепте бағдарламалауды оқыту мәселесіне оқушылардың, ата -аналардың, мұғалімдер мен IT мамандарының қарым -қатынасын зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Тірек сөздер: *программалау, бағдарламалауды үйрету, мектепте бағдарламалау.*

К.Т. AMANOVA

To the Question of Teaching Programming in School

PhD, associate Professor,

Kokshetau State University named after Sh. Ualihanov,

Kokshetau, The Republic of Kazakhstan

e-mail: amanova@mail.ru

Аннотация. В настоящей статье рассматривается одна из актуальных тем современного STEM-образования – вопрос обучения программированию в общеобразовательной школе. На примере таких стран, как Великобритания, Финляндия, Южная Корея, Эстония, Франция, Австралия рассмотрены предпосылки, инициирующие необходимость обучения детей основам программирования в школе. В целях изучения текущего состояния обучения программированию в школах автором было проведено исследование с участием учащихся старших классов и других субъектов образовательного процесса в школе: родителей, учителей, а также специалистов в IT- сфере, так как в обучении программированию используются различные аппаратно-программные средства обеспечения. В статье представлены некоторые итоги данного исследования, в частности, результаты исследования отношений обучающихся, родителей, учителей и IT- специалистов к вопросу обучения программированию в школе.

Ключевые слова: *программирование, обучение программированию, программирование в школе.*

***Abstract.** In this article, one of the current topics of modern STEM education is considered, the issue of teaching programming in the general education school. On the example of countries such as Great Britain, Finland, South Korea, Estonia, France, Australia, the prerequisites are considered, initiating the need to teach children the basics of programming at school. To understand the current state of teaching programming in schools, the author conducted a study with the participation of high school students and other subjects of the educational process in the school: parents, teachers, and IT specialists, since various software and hardware are used in programming training. In the article some results of this research are presented, in particular the results of the study on the attitude of students, parents, teachers and IT specialists to the issue of teaching programming in school.*

***Keywords:** teaching programming, programming in school, programming training.*